

Казталов - Жәнібек - Ресей Федерациясының шекарасы және Ленинск - Ақсу - Көктөбе - Үлкен Ақжар - Курчатов қаласы автомобиль жолдарын республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының құрамына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 3 Қаулысы

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының құрамына :

жалпы ұзақтығы 162 километр Казталов - Жәнібек - Ресей Федерациясының шекарасы және жалпы ұзақтығы 227 километр Ленинск - Ақсу - Көктөбе - Үлкен Ақжар - Курчатов қаласы облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары енгізілсін .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Батыс Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп, жоғарыда көрсетілген автомобиль жолдарын қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 655 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі